

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Тәуелсіздік даңғылы, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электрондық мекенжай: kense@mvd.kz

010000, город  
Нур-Султан  
проспект Тәуелсіздік, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электронный адрес: kense@mvd.kz

20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары, «Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшелері  
Б.С. Смағұлға, Ә.М. Әбсеметоваға**

*2021 жылғы 17 маусымдағы №ДС-219 хатқа*

***Құрметті Бақытбек Смағұлұлы, Әлия Маратқызы!***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін сотталғандармен жүргізіліп жатқан жұмысқа қатысты Сіздің сұрауыңызды қарап, мынадай ақпарат жолдайды.

Қосымша: 12 парақта.

*Құрметпен,*

**Министрдің міндетін атқарушы  
Қожаев**

**М.**

*Орын.: Б.Ахмеджанов  
Тел.: 72-30-74*

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Тәуелсіздік даңғылы, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электрондық мекенжай: kense@mvd.kz

010000, город  
Нур-Султан  
проспект Тәуелсіздік, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электронный адрес: kense@mvd.kz

20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

**Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан, членам  
фракции партии «Nur Otan»  
Смагулову Б.С., Абсеметовой А.М.**

*К письму №ДС-219 от 17.06.2021 года*

**Уважаемые Бахытбек Смагулович, Алия Маратовна!**

Министерство внутренних дел Республики Казахстан, рассмотрев ваш запрос касательно проводимой работы в учреждениях уголовно-исполнительной системы с осужденными за преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних направляет следующую информацию.

Приложение на 12 листах.

*С уважением,*

**И.о. министра  
Кожаев**

**М.**

*Исп. Ахмеджанов Б.А.  
Тел.: 72-30-74*

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің және «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес пробация қызметінің (бұдан әрі – ПҚ) міндеттері бас бостандығынан айырумен байланысты емес заңмен айқындалған жаза түрлерін орындау, оларға бақылауды жүзеге асыру, құқыққа бағынушылық мінез-құлқын түзету және қалыптастыру, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, сондай-ақ жазасын өтеп жатқан адамдарды босатуға дайындауға қатысу болып табылады

Қолданыстағы заңнамада сотпен жүктелген міндеттерді сотталғандардың орындауын бақылау, олардың тұрғылықты жерін, жұмыс және оқу орнын тексеру, профилактикалық әңгімелер жүргізу үшін пробация қызметіне шақыру арқылы жүзеге асырылатыны қарастырылған.

Жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға бейім сотталғандарды анықтау мақсатында ПҚ оларды жасау тәуекелін бағалайды, тексерулер санын ұлғайтады.

Сот жүктеген міндеттерді сақтағысы келмейтін сотталғандарға қатысты жазбаша ескерту түріндегі жаза қолданылады, ал қайта бұзушылық жасаған жағдайда, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін материалдар сотқа жолданады.

Сонымен, ағымдағы жылғы 6 ай ішінде жазаны ауыстыру және күшін жою бойынша сотқа 3267 материал жолданды, оның ішінде 1541-і қанағаттандырылды.

Бұл сотталғандар тарапынан жаңа қылмыс жасауының алдын алу үшін әсер ету әдісі болып табылады.

Пенитенциарлықтан кейінгі пробация шеңберінде ПҚ қызметкерлері сотталғандардың жеке басын, денсаулық жағдайын, білім деңгейін, тұрғын үйінің бар-жоғын зерделейді, сондай-ақ жеке бағдарлама жасау үшін қажетті өзге де мәліметтерді жинайды.

Бүгінгі таңда ПҚ штат саны 1430 бірлікті құрайды, оның ішінде 56-сы психологтар.

Ағымдағы жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ПҚ есебінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған 32025 адам тұрды, оның ішінде 311-і кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс (бұдан әрі – КТЖТҚК) үшін сотталғандар, олардың 49-ы жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылып (16.07.1997 жылғы Қылмыстық кодекске сәйкес), бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар.

*Осы қылмыс бойынша жазасын өтеушілермен оңалту жұмыстарын жүргізу жөніндегі арнайы бағдарламаларға және тиісті мамандардың бар-жоғына қатысты.*

Аталған санаттағы адамдармен жұмыс жасау бойынша арнайы бағдарламалар көзделмеген. Әлеуметтік бейімдеу, қайта әлеуметтендіру және реинтеграциялау жөніндегі іс-шаралар кешені, жасалған қылмыстың санаттары мен түрлеріне бөлмей, барлық сотталғандарға бірдей жүргізіледі.

Сонымен бірге, бұл санаттағы адамдармен жүргізілетін жұмыстар диагностикалық және түзету жұмыстарын жүргізу тәртібі айқындалған «Күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды мекеменің профилактикалық есебіне қою және олармен жұмыс жүргізу алгоритміне» сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда, Орталық Азиядағы PRI Халықаралық түрме реформасы өкілдігімен «Педофилдермен» жұмыс істеу жөніндегі әдістемелер әзірлеу жөніндегі жобаны іске асыру, сонымен қатар, қылмыстық-атқару жүйесінің (бұдан әрі – ҚАЖ) психологтарымен нақты бағыттар бойынша тәжірибелік сабақтар өткізу туралы мәселе пысықталуда.

Бірқатар еуропалық елдерден шетелдік сарапшы-психологтарды шақыра отырып, әзірленген құралдарды пайдалану бойынша тиісті тренингтер, семинарлар өткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан, жаза мерзімін өтегенге дейін бір жыл қалған сотталған адамға қатысты қайта әлеуметтендіру ҚАЖ мекемесінің әкімшілігімен бірлесе отырып әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында, пенитенциарлық пробация шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта ҚАЖ мекемелерінде 2 336 сотталған адамға, оның ішінде КТЖТҚҚ үшін сотталғандарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын іске асыру жүзеге асырылуда (*«Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидалары» ҚР ПМ 13.08.2014 жылғы №508 бұйрығы*).

Бағдарламаға барлық қызметтер: еңбек және тұрмыстық орналастыру инспекторлары, жасақ бастықтары, медицина қызметкерлері, психологтар, ПҚ қызметкерлері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық бірлестіктер енгізілген.

Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу оларды түзетуге, заң талаптарын сақтауға, еңбекке, білімін, мәдени деңгейін арттыруға, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бағдарламаларына қатысуға ұмтылысын нығайтуға бағытталған, ол түзеу мекемесінің түрін, жаза мерзімін және ұстау жағдайларын ескере отырып, сараланған түрде жүргізіледі.

*Анықтама: ҚАЖ мекемелерінде 29 061 сотталған жазасын өтеп жатыр, оның ішінде 1854-і КТЖТҚҚ үшін сотталғандар.*

*Сотталғандар арасындағы тәрбие және идеологиялық жұмыста қолданылатын тәсілдерге қатысты.*

Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде қосымша білім алуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, интеллектісін арттыруға және ой-өрісін кеңейтуге ықпал ететін бос уақытты ұйымдастырудың әртүрлі нысандары мен әдістері (*конкурстар, концерттер, турнирлер, викториналар*) пайдаланылады.

Бұл жұмысқа жастар саясаты, мәдениет, діни бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың өкілдері тартылады.

2021 жылы 4 мыңнан астам жаппай мәдени және спорттық іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдері белсенді түрде тартылады, олардың қатысуымен 7 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, 18 мыңнан астам сотталғандар қамтылды.

Мекеме психологтары мынадай іс-шаралар кешенін: психодиагностикалық (*жыныстық тәуелділікті анықтау*), жеке психокоррекциялық жұмыстар (*арт-терапия техникасын, релаксация жаттығуларын пайдалану*); дәрістер және тренингтер түріндегі топтық психопрофилактикалық іс-шаралар (*дағдыларды үйрету, агрессия мен мазасыздық деңгейін төмендету*); жеке консультациялар мен әңгімелесулер (*орын алған қиындықтар мен жағымсыз тәжірибелерді анықтау*) жүргізеді.

Психопатологиялық белгілер анықталған кезде сотталғандар одан әрі жұмыс істеу үшін психиатрға жіберіледі.

*ҚАЖ мекемелерінде психологиялық қызмет жүйесінің деңгейін арттыру бойынша қабылданған шараларға қатысты.*

Психолог-мамандарды даярлау Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының базасында жүзеге асырылады. 2006 жылдан бастап «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 171 психолог-маман оқуларын аяқтады, жұмыс істеп тұрған 208 пенитенциарлық психолог біліктілігін арттыру курсынан өтті.

Сонымен бірге, мекеме психологтары М.Нәрікбаев атындағы «ҚазМЗУ университеті» АҚ базасында басқару, қауіпсіздік және арнайы бағдарламалар академиясында халықаралық деңгейдегі мамандардан білім алады.

2021 жылы психологтарды «Психологиялық кеңес берудегі Профайлинг» тақырыбы бойынша оқытуға республикалық бюджеттен 25 млн. 380 мың теңге бөлінді.

Аталған университетте 2012 жылдан бастап пенитенциарлық психологтар (*штат бойынша барлығы – 208, оның ішінде аттестатталған – 100, ерікті жалдамалы – 108*) жыл сайын: «Постстресстік жағдайларда сотталғандарға психологиялық консультация беру», «Сотталғандар арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу», «Сотталғандардағы тәуелді мінез-құлықтың (*маскүнемдік, нашақорлық, құмар ойындар, діни культтер*) алдын алу және т.б. тақырыптар бойынша оқытудан өтеді.

*Сотталғандарды жұмысқа орналастыру бойынша енгізілген жаңа тәсілдерге қатысты.*

ҚАЖ мекемелерінде 11 мыңнан астам сотталған немесе олардың еңбекке жарамды санының 49% ақылы жұмысқа орналастырылды.

ҚАЖ саласындағы өндірістік қызметті құрамына 17 филиал кіретін «Еңбек» және «Еңбек-Өскемен» РМК жүзеге асырады, онда 3970 адам жұмысқа орналастырылған.

Бүгінгі күні 243 шағын және орта бизнес субъектісі тартылып (*75874 шаршы метр жер көлемі берілді*), кәсіпорындарда 3548 сотталған жұмысқа орналастырылды.

Жыл басынан бері 89 кәсіпкерлік субъектісі өз өндірісін ашып, онда 851 сотталған (*темір-бетон бұйымдарын, құрылыс материалдарын, қоқыс бактарын, тігін бұйымдарын, асханаларға арналған жабдықтарды дайындау, ет өнімдерін ыстау, ауыл шаруашылығы өнімдерін консервілеу, ағаш және металл өңдеу және т.б.*) жұмысқа орналастырылды.

Сонымен бірге, өндірістік және ақшалай салымдарды жүзеге асыру құқығымен «Еңбек» және «Еңбек-Өскемен» РМК мен жеке кәсіпкерлердің бірлескен өндірісін (*консорциумын*) ашу мәселесі пысықталуда.

РМК мен «Қазақстан құрылысшылар одағы» Республикалық заңды тұлғалар бірлестігі арасында құрылыс материалдары мен бұйымдарын (*кірпіштер, көбік-газ блоктары, металл есіктер мен қоршаулар*) өндіру жөнінде меморандум жасалды.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің сотталғандары, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және Нұр-Сұлтан қаласының пробациялық бақылауындағы адамдар үшін 120 жұмыс орнына есептелген жаңа эксперименттік тігін цехы құрылды.

Бұдан басқа, Үкіметтің қаулысымен бекітілген Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспарында (*11.06.2021 жылғы №405*) сотталғандарды жұмыспен қамту және олардың әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайларды кеңейтуді көздейтін заңнамаға өзгерістер енгізу жөніндегі іс-шаралар көзделген.

КТЖТҚҚ үшін сотталып, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдардың қайта құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында, оларды тұрғылықты жері және жұмыс орны бойынша бақылау жүзеге асырылады.

Оларға соттылық мерзімі өтелгенге дейін әкімшілік қадағалау белгіленеді (*«Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы*).

Әкімшілік қадағалау қайталап қылмыс жасаудың алдын алу нысаны болып табылады және оны сот қаулысы негізінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, белгілі бір шектеулер белгіленген адамдардың мінез-құлқына бақылау орнату түріндегі мәжбүрлеу шарасы ретінде, олардың тарапынан құқық бұзушылықтар жасалуының алдын алу мақсатында ПО жүзеге асырылады және әкімшілік қадағалау сотталғанның өмір салты мен мінез-құлқына байланысты жеке белгіленеді.

**Анықтама:** тыйым салудың мынадай түрлері белгіленеді: тұрғын үйден белгілі бір уақытта кетуге; ауданның (қаланың) ПО-ның белгілі бір орындарында болуға; ПО-ның рұқсатынсыз ауданнан (қаладан) тыс жерлерге шығуға; кәмелетке толмағандардың ата-аналарының не заңды өкілдерінің келісімінсіз оларды іздестіруге, баруға, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілмен қарым-қатынас жасауға; алкоголь, есірткі және психотроптық заттарды тұтынуға тыйым салу.

Қадағаланушыға қойылатын шектеулер тізбесі ПО-ның дәлелді ұсынысы бойынша сотпен қысқартылуы немесе толықтырылуы мүмкін.

Бұл ретте, сот шектеулерін орындамаған жағдайда қадағаланушы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің

480-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады *(әкімшілік қадағалау туралы заңнаманы бұзу)*.

Қазіргі таңда ішкі істер органдарының есебінде КТЖТҚҚ үшін сотталып, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 60 адам тұр *(сотталғандарға жаза мерзімін өтегеннен кейін әкімшілік қадағалау белгіленді)*.

Бұл ретте, ПО және ПҚ әкімшілік қадағалау ережелерін бұзатын есепке алынғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын *(білезіктер)* қолдануға құқылы *(ІІМ-нің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығы)*.

Жазаны өтеу тәртібін бұзатын ПҚ есебінде тұрған сотталғандарға қатысты электрондық білезіктер *(есептегі адамдардың жалпы санының шамамен 10%)* және оң сипатталатын адамдарға смартфондар пайдалану көзделіп отыр.

2021 жылға 2 562 электронды білезік және 1 418 планшетті жалға алу бойынша ақша қаражаты *(153 млн. теңге)* қолдау тапты.

Қазірден бастап есепке алынған адамдар санатына қатысты бақылау құралдарын қолдану тәртібін регламенттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

Өңірлердің полиция департаменттері жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, ПО-да әкімшілік қадағалауда тұрған адамдар үшін электрондық бақылау құралдарын сатып алу мәселесін пысықтауда.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының 2019 жылғы 5 маусымдағы тапсырмасын орындау үшін *(БП, ІІМ, БҒМ, Еңбекмині, АҚДМ, Әділетмині, ДСМ)* кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа және балаларға қатыгездікпен қарауға қарсы қылмыстардың алдын алу және профилактикасы жөніндегі іс-қимылдардың 2019-2023 жылдарға арналған ведомствоаралық жоспары бекітілді.

Жоспарда аталған саладағы заңнамалық, ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралар көзделді.

Жалпы министрлік жаңа қылмыстардың алдын алуға және оған жол бермеуге, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстары үшін сотталғандар арасында оңалту, тәрбие және идеологиялық жұмыстар жүргізуге, оларды жұмысқа орналастыруға және ҚАЖ мекемелерінде психологиялық қызмет жүйесінің деңгейін арттыруға бағытталған қажетті шараларды қабылдауда.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі**

В соответствии с требованиями Уголовно-исполнительного кодекса и Закона Республики Казахстан «О пробации», задачами службы пробации (*далее – СП*) являются исполнение определенных законом видов наказаний, не связанных с лишением свободы, осуществление за ними контроля, коррекция и формирование правопослушного поведения, оказание социально-правовой помощи, а также участие в подготовке к освобождению лиц, отбывающих наказание.

Действующим законодательством предусмотрено, что контроль за исполнением осужденным возложенных судом обязанностей осуществляется путем проверки по месту жительства, работы или учебы, приглашением в СП, для проведения профилактических бесед.

В целях выявления осужденных, склонных к совершению новых уголовных правонарушений, СП проводится оценка риска их совершения, увеличивается количество проверок.

В отношении осужденных не желающих соблюдать обязанности, возложенные на них судом, применяется взыскание в виде письменного предупреждения, а после повторного нарушения материалы направляются в суд, для решения вопросов о замене ограничения свободы лишением свободы.

Так, за 6 месяцев т.г. в суд направлено 3 267 материалов на замену и отмену наказания, из которых 1 541 удовлетворено.

Это является методом воздействия на осужденных по предупреждению совершения ими новых преступлений.

В рамках постпенитенциарной пробации сотрудниками СП изучается личность осужденных, состояние здоровья, уровень образования, наличие жилья, а также собираются иные сведения, необходимые для составления индивидуальной программы.

На сегодняшний день штатная численность СП составляет 1 430 единиц, в том числе 56 психологов.

По итогам первого полугодия т.г. на учете СП состояло 32 025 лиц, осужденных к наказаниям, не связанным с лишением свободы, в том числе 311 за преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних (*далее-ПППНН*), из них 49 освободились из мест лишения свободы, которым наказание заменено на более мягкий вид (*в соответствии с Уголовным Кодексом от 16.07.1997 года*).

*Касательно специальных программ по проведению реабилитационной работы с отбывающими наказание по данному преступлению и наличия соответствующих специалистов.*

Специальных программ по работе с указанной категорией лиц не предусмотрено. Комплекс мероприятий по социальной адаптации,



ресоциализации и реинтеграции проводится для всех осужденных без разделения их на категории и виды совершенного преступления.

Вместе с тем, работа с данной категорией лиц проводится согласно «Алгоритма постановки подозреваемых, обвиняемых и осужденных на профилактический учет учреждения, и работа с ними», в котором определен порядок проведения диагностической и коррекционной работы.

В настоящее время прорабатывается вопрос с представительством Международной тюремной реформы PRI в Центральной Азии, о реализации проекта по разработке методик по работе с «педофилами», а также проведению практических занятий с психологами уголовно-исполнительной системы (далее – УИС) по конкретным направлениям.

Планируется проведение соответствующих тренингов, семинаров по использованию разработанных инструментов, с приглашением зарубежных экспертов-психологов из ряда европейских стран.

Также, согласно нормам Закона Республики Казахстан «О пробации», в отношении осуждённого, отбывающего наказание в виде лишения свободы, которому до отбытия срока наказания остался один год, ресоциализация в рамках пенитенциарной пробации осуществляется совместно с администрацией учреждения УИС, в форме оказания социально-правовой помощи.

В настоящее время в учреждениях УИС в отношении 2 336 осуждённых осуществляется реализация индивидуальной программы оказания социально-правовой помощи (*«Правила воспитательной работы среди осужденных к лишению свободы» приказ МВД РК от 13.08.2014 г. №508*), в том числе осуждённых за ПППНН.

В программу включены все службы: инспектора по трудовому и бытовому устройству осуждённых, начальники отрядов, медицинские работники, психологи, сотрудники СП, а также местные исполнительные органы и общественные объединения.

Воспитательная работа с осуждёнными направлена на их исправление, укрепление стремления к соблюдению требований законов, труду, повышению образовательного, культурного уровня, участию в программах, направленных на оказание социально-правовой помощи, которая проводится дифференцированно, с учетом вида исправительного учреждения, срока наказания и условий содержания.

*Справочно: в учреждениях УИС отбывают наказания 29 061 осуждённых, из них 1854 за ПППНН.*

*Касательно подходов, используемых в воспитательной и идеологической работе среди осужденных.*

В воспитательной работе с осуждёнными используются различные формы и методы организации досуга (*конкурсы, концерты, турниры, викторины*), способствующие получению дополнительных знаний, развитию творческих способностей, повышению интеллекта и расширению кругозора.

К этой работе привлекаются представители молодежной политики, культуры, религиозных объединений, общественных организаций, местных исполнительных и государственных органов.

В 2021 году проведено более 4 тыс. мероприятий культурного и спортивного характера.

Кроме того, при проведении информационно-разъяснительной работы активно привлекаются представители Духовного управления мусульман Казахстана, при участии которых проведено свыше 7 тыс. мероприятий с охватом более 18 тыс. осуждённых.

Психологами учреждений проводится комплекс мероприятий: психодиагностическая (*выявление сексуальной зависимости*), индивидуальная психокоррекционная работы (*использование техники арт-терапии, релаксационных упражнений*); групповые психопрофилактические мероприятия в виде лекций и тренингов (*обучение навыкам регулирования эмоционально-волевой сферы, снижение уровня агрессии и тревожности*); индивидуальные консультации и беседы (*выявление имеющихся затруднений и негативных переживаний*).

При выявлении психопатологических признаков, осужденные направляются к психиатру, для дальнейшей работы.

*Касательно принятых мер по повышению уровня системы психологической службы в учреждениях УИС.*

Подготовка специалистов-психологов осуществляется на базе Костанайской Академии им. Ш. Кабылбаева. С 2006 года по специальности «Педагогика и психология» выпущен 171 специалист-психолог, повышение квалификации прошли 208 действующих пенитенциарных психологов.

Наряду с этим, психологи учреждений проходят обучение у специалистов международного класса в Академии управления, безопасности и специальных программ на базе АО «Университет КАЗГЮУ им. Нарикбаева».

В 2021 году на обучение психологов по теме: «Профайлинг в психологическом консультировании» из республиканского бюджета выделено 25 млн. 380 тыс. тенге.

В указанном университете с 2012 года пенитенциарные психологи (*всего по штату – 208, из них аттестованных – 100, вольнонаемных – 108*) ежегодно проходят обучение по таким тематикам как: «Психологическое консультирование осужденных в постстрессовых ситуациях», «Профилактика суицидов среди осужденных», «Профилактика зависимого поведения у осужденных (*алкоголизм, наркомания, игромания, религиозные культы*)» и другие.

*Касательно новых подходов, внедренных в трудоустройстве осужденных.*

В учреждениях УИС на оплачиваемых работах трудоустроено свыше 11 тыс. осужденных или 49% от их трудоспособной численности.

Производственная деятельность в сфере УИС осуществляется РГП «Еңбек» и «Еңбек-Оскемен» включающих в свою структуру 17 филиалов, где трудоустроено 3 970 человек.

На сегодняшний день привлечено 243 субъекта малого и среднего бизнеса (*передано 75 874 кв.м.*), на предприятиях которых трудоустроено 3 548 осуждённых.

С начала года открыли свое производство 89 субъектов предпринимательства, где трудоустроен 851 осуждённый (*изготовление железобетонных изделий, строительных материалов, мусорных баков, швейных изделий, оборудования для столовых, копчение мясной продукции, консервирование сельхозпродуктов, дерево и металлообработка и т.д.*).

Наряду с этим, прорабатывается вопрос открытия совместного производства (*консорциума*) РГП «Еңбек» и «Еңбек-Оскемен» с частными предпринимателями, с правом осуществления производственных вложений и денежных вкладов.

Заключен меморандум между РГП и Республиканским объединением юридических лиц «Союз строителей Казахстана», о производстве строительных материалов и изделий (*кирпичи, пено-газоблоки, металлические двери и ограждения*).

Создан новый экспериментальный швейный цех для осуждённых учреждения минимальной безопасности, а также лиц, освободившихся из мест лишения свободы и находящихся на пробационном контроле г.Нур-Султан, рассчитанный на 120 рабочих мест.

Кроме того, в Плате первоочередных мер в области прав человека, утвержденного Постановлением Правительства (*№405 от 11.06.2021г.*), предусмотрены мероприятия, по внесению изменений в законодательство, предусматривающие расширение условий для трудоузанности осуждённых и их социальной адаптации.

В целях предупреждения повторных правонарушений, за лицами, освобожденными из мест лишения свободы за ПППН осуществляется контроль по месту жительства и работы.

За ними устанавливается административный надзор до погашения срока судимости (*Закон «Об административном надзоре за лицами, освобожденными из мест лишения свободы»*).

Административный надзор является формой предупреждения рецидивной преступности и осуществляется на основании постановления судьи ОВД как принудительная мера в виде установления наблюдения за поведением лиц, освобожденных из мест лишения свободы, которым установлены определенные ограничения, в целях предупреждения совершения с их стороны правонарушений и устанавливается индивидуально, в зависимости от его образа жизни и поведения.

**Справочно:** *устанавливаются виды запретов: покидать жилище в определенное время; пребывать в определенных ОВД местах района (города); выезжать за пределы района (города) без разрешения ОВД; разыскивать, посещать, вести телефонные переговоры и общаться иным способом с несовершеннолетними без согласия их родителей либо законных представителей; употреблять алкоголь, наркотические и психотропные вещества.*

Перечень ограничений поднадзорному может быть сокращен или дополнен судьей по мотивированному представлению ОВД.

При этом в случае неисполнения судебных ограничений поднадзорный привлекается к административной ответственности по ст.480 Кодекса РК об административных правонарушениях (*Нарушение законодательства об административном надзоре*).

В настоящее время на учете органов внутренних дел состоит 60 лиц, освободившихся из мест лишения свободы за совершение ПППНН (*освобожденное по отбытии срока наказания с установленным административным надзором*).

При этом, ОВД и СП вправе использовать электронные средства слежения (*браслеты*) в отношении подучетных, нарушающих Правила административного надзора (*Приказ МВД № 97 от 11 февраля 2005 г.*).

Предполагается использование электронных браслетов в отношении осужденных, состоящих на учете СП, нарушающих порядок отбывания наказания (*порядка 10% от общего числа подучетных лиц*), и смартфонов к положительно характеризующимся лицам.

На 2021 год поддержаны средства (*153 млн. тенге*) на аренду 2 562 электронных браслетов и 1 418 планшетов для сотрудников.

Уже внесены изменения и дополнения в ведомственные нормативные правовые акты, регламентирующие порядок применения средств слежения в отношении подучетной категории лиц.

Департаментами полиции регионов с местными исполнительными органами прорабатывается вопрос приобретения электронных средств слежения, для лиц, состоящих под административным надзором в ОВД.

Также, во исполнение поручения Главы Государства (*от 5 июня 2019 г.*) утвержден Межведомственный план (*ГП, МВД, МОН, МТЗСН, МИОР, МЮ, МЗ*) действий по предупреждению и профилактике преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних, бытового насилия и жестокого обращения с детьми на 2019 - 2023 годы.

Планом предусмотрены законодательные, организационные и практические меры в данной сфере.

В целом министерством принимаются необходимые меры, направленные на профилактику и недопущение новых преступлений, проведение реабилитационной, воспитательной и идеологической работы среди осужденных за преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних, их трудоустройстве и повышение уровня системы психологической службы в учреждениях УИС.

**Министерство внутренних дел Республики Казахстан**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ**

2021 жылғы «12» 04  
Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1

**ПРИКАЗ**

№ 352-пк  
город Нур-Султан, проспект Тәуелсіздік, 1

**По личному составу**

В связи с моим уходом в очередной отпуск возложить исполнение обязанностей Министра внутренних дел Республики Казахстан с 14 по 31 июля 2021 года на Первого заместителя Министра внутренних дел генерал-майора полиции Кожаяева Марата Шадетхановича.

**Министр**  
генерал-лейтенант полиции

**Е. Тургумбаев**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ**

20 21 жылғы «12» 07  
Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1

**ПРИКАЗ**


№ 352 т/к  
город Нур-Султан, проспект Тәуелсіздік, 1

**Жеке құрам бойынша**

Менің кезекті демалысқа шығуыма байланысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін уақытша атқару 2021 жылғы 14-31 шілде аралығында Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры Қожаев Марат Шәдетханұлына жүктелсін.

**Министр**  
полиция генерал-лейтенанты

 **Е. Тұрғымбаев**



0003842